

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2026 жылғы 27 шілдедегі № 17 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" бұйрығы және 2026 жылғы 27 шілдедегі Орал қаласы әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою жөніндегі жоспардан тыс комиссия отырысының № 01-003-05/118 хаттамасына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Орал қаласы әкімінің орынбасары Жандос Аскатұлы Дуйсенғалиев тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Орал қаласының әкімі

М. Байменов